



ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ



Факультет 1958 жылы құрылған.

Факультеттегі ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы - әр жылдары ауылшаруашылығы техникасы сенімділігін арттыруға, бөлшектерді, прогрессивті механизмдерді қалпына келтіруде ресурстарды үнемдейтін технологияны, мал шаруашылығына арналған машиналарды, кормоцехтар мен сауын аумақтарын әзірлеуге, Солтүстік Қазақстанның өндірістік нысандарында еңбек қауіпсіздігі жағдайын зерттеуге арналған.

Факультет ашылғаннан бері оның қызметкерлері 5 докторлық және 43 кандидаттық диссертация қорғады, өнертабысқа, патенттерге, ҚР алғашқы және инновациялық патенттеріне 100 артық авторлық куәлік алынды, 2000 артық ғылыми мақала жарияланды.

1985 жылдан бастап факультетте бір топ ғалымдар қырыққабатты жинастыруды механикаландыру құралдарын әзірлеу және жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізді, оның нәтижесінде НКМ-1 қырыққабат жинайтын әмбебап машинасы жасап шығарылды, ол қырыққабаттың ерте, орташа және кеш піскен сұрыптарын таңдап және жаппай жинай отырып, бірмезгілде өзімен қатар қозғалып келе жатқан көлікке тиіп отыруға арналған.

Соңғы жылдары факультет ғалымдары топырақты негізгі өңдеуге арналған құралды жасауда бірмезгілде минералды тыңайтқыштарды себуге болатын, бірмезгілде минералды тыңайтқыштарды себе отырып, дәнді дақылдар тұқымын топырақ астына шашып себуге арналған тұқым сепкішті ойлап тауып, нақты егіншілік жүйесінде минералды тыңайтқыштарды топырақ астына себуге арналған машиналарды әзірлеп, үлкен нәтижелерге қол жеткізді.

Ғылыми әлеует: 6 ғылым докторы, 23 ғылым кандидаты және 5 магистр.

Техникалық факультеті базасында ҚР АШМ «ҚазАгроИнновация» АҚ «Қазақ ауылшаруашылығын механикаландыру және электрлендірудің ғылыми-зерттеу институтымен» бірлесе отырып, «Ауылшаруашылығы машиналарын жасау орталығының» құрылымдық бөлімшесі – «Конструкторлық бюро» құрылды.

Зерттеу бағыттары:

- агроөнеркәсіптік кешеннің механикаландыру және автоматтандыру салаларындағы инновациялық технологиялар;
- өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында өндірістік үрдістерді механикаландыру;
- машина жөндеу және бөлшектерді қалпына келтіру технологиясын жетілдіру;
- машина бөлшектері мен механизмдерінің плазмалық беріктеу технологиясын жетілдіру.

Келесідей ғылыми зерттеулер жүзеге асырылуда:

- локомотив доңғалақтары еспесін плазмалы беріктеудің инновациялық технологиясын өңдеу және жүзеге асыру;

әзірлеуге:

- ауылшаруашылығы дақылдарын өңдеудің ылғал ресурстарын үнемдейтін технологиясы арқылы минералды тыңайтқыштарды бір мезгілде шаша отырып, дәнді дақылдарды себуге арналған тұқым сепкіштер;

- орнықтыландырудың бекітілген жүйесінде тұқымдар мен тыңайтқыштарды саралап қолданудың автоматтандырылған технологиялық үрдісін бақылау мен басқарудың техникалық құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз ету.

Серіктестер: ҚР АШМ «Ауылшаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» жобасы, «Астана қаласы «Аймақтық техносаябақ» ЖШС, «Ауылшаруашылығын механикаландыру мен электрлендірудің ҚазҒЗИ» ЖШС, «ҚазАгроИнновация» АҚ және т.б.

